



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ

---

**Қазақстан Республикасындағы ЕО Өкілдігінің Басшысы, Түркіменстандағы ЕО Елшісі  
Аурелии Бушездің «Еуразия қауіпсіздік бірлестігі және ЕҚЫҰ рөлі» өңірлік  
конференциясында жасаған  
«ЕО мен Орталық Азия:2014 жылдан кейінгі сын-қатерлермен соқтығысу» туралы сөз  
сөйлеуі**

*3 қазан 2013, Алматы*

Жоғары мәртебелілер, құрметті әріптестер, қатысушылар,

Мен өз сөзімді Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығына, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтына, сондай-ақ Украина мен Швейцария Елшіліктеріне осы іс-шараны ұйымдастырғаны үшін және мені Ауғанстан мен Орталық Азия өңіріне Еуропа Одағының көзқарасымен бөлісуге шақырғандарыңыз үшін алғысымды айтқым келеді.

Бірқатар жағдайларда айтылғандай, Еуропа Одағы Ауғанстанға қатысты ұзақ мерзімді бейілділігін жариялаған, бұл осы елдегі ағымдағы аусыпалы кезеңде аса маңызды деп ойлаймыз. Жыл сайын ЕО және оның мүше-мемлекеттері Ауғанстанға 1 миллиард евроға тең көмек береді, бұл ретте тиісті басқаруға және құқық басымдылығына, денсаулық сақтауға және ауыл шаруашылығына ерекше назар аударады.

Сонымен қатар, ЕО Стамбул үдерісі сияқты, сондай-ақ «Азия жүрегі» деп белгілі өңірлік ынтымақтастықты қолдайды, себебі біз Орталық Азияна қоса, Ауғанстанның көршілері осы ұзақ шиеленіс жағдайдың аяқталуына өз үлесін қосатынына нық сенімдіміз. Тұрақтылық орнағаннан кейін Орталық Азия Ауғанстанның үлкен транзиттік әлеуетінен, егер ол табысты іске асырылған жағдайда пайда табады, сондай-ақ ел бюджетіне де айтарлықтай кіріс әкеледі. Қабылданған Сенім құру шаралары (СҚШ) тұрақтылыққа жетуге және өңірлік қауіпсіздік тұрғысынан жалпы жағдайды жақсартуға үлес қосатынына ЕО сенімді, себебі СҚШ есірткемен күрес, апаттарды басқару (Қазақстанның тең төрағалығымен СҚШ), сауда және инвестициялар саласында нәтиже береді. Сонымен қатар, Ауғанстан көршілерінің жағынан бейілділік болмаса СҚШ өздігінен саяси үдеріс құра алмайтынына біз түсінеміз; сондықтан біз Орталық Азия елдерін қолдаймыз және Стамбул үдерісіне белсенді қатысуға шақырамыз.

Өз кезегінде ЕО, терроризммен күресті қоса алғанда, өңірлік қауіпсіздік саласындағы сын қатерлерді қарауға қолдау мен көмек көрсетуді жалғастыруда. Мен Орталық Азия үшін ЕО Стратегиясы шеңберіндегі қауіпсіздік мәселелеріне ұлғайып келе жатқан қызығушылыққа назар аударғым келеді. Бұл саладағы ЕО қолдауының жақсы мысалы көрсетілген көмек, оның нәтижесінде БҰҰ Ғаламдық контртеррористік стратегиясын іске асыру үшін Бірлескен іс-әрекеттер жоспары қабылданған болатын. Бұл Бірлескен жоспарды барлық бес ел қабылдады, оның нәтижесінде Орталық Азия мұндай болашақ қадамдарды келіскен әлемдегі бірінші өңір болды.

Сонымен қатар ЕО ВОМСА (Орталық Азияға шекараларын басқаруға көмектесу), САДАР (Орталық Азияда есірткеге қарсы іс-әрекеттер бағдарламасы), ЕО мен Орталық Азияның есіртке бойынша жаңа іс-әрекеттер жоспары, сондай-ақ Героин маршруты бағдарламасы шеңберінде шекараларды басқаруға көмек көрсетеді.

Бұл жұмыста әрдайым прогресс байқалады; бүгін – Ашхабадта өтетін және оған СИМ және шекара қызметтері деңгейінде Ауғанстан шақырылған САБСИ (Орталық Азиядағы шекаралар қауіпсіздігі жөнінде бастама) отырысының екінші күні.

Апаттарға дайындық саласында Еуропа Одағы бірнеше жыл бойы Орталық Азияның барлық бес елін қамтитын ДІРЕСНО бағдарламасын жүргізуде.

Барлық осы бастамалар Орталық Азия мен Ауғанстан арасында тығыз консультациялар мен айырбастарды талап етеді.

2014 жылы Ауғанстанның ресми тұлғасы бекітілетін, 2013 жылғы маусымнан бастап ЕО мен Орталық Азия арасындағы жоғары деңгейде Диалог құрылғанына баса назар аударғым келеді. Бұл үдеріс 2014 жылы Ауғанстаннан ISAF (Халықаралық қауіпсіздікке көмек беру күштері) алдымызда шығару тұрғысынан уақтылы және өте маңызды. Менің ойымша осы үдеріс аяқталғаннан кейін, олармен соқтығысуға және жұмысқа Орталық Азия дайын болуы тиіс, Ауғанстан шекарасынан шығатын салдарларға қатысты барлығымыз алаңдаудамыз. Мен осы трансұлттық қауіптердің кейбіреулерін: наркотрафик, адам саудасы, экстремизм, радикалдану және терроризм, заңсыз миграция, шағын калибрлі қару-жарақты сату және жеңіл қаруландыру, өңір арқылы химиялық, биологиялық, радиологиялық және ядролық материалдарды әлеуетті заңсыз сатуды айтым кеттім. Осы қауіптермен күрес шекара және кедендік бақылауды күшейтуді, миграциялық дағдарысты басқарудағы мүмкіндіктерді жақсартуды, құқық қорғау ведомстволары арасындағы, Еуразия қауіпсіздік бірлестігін, ЕО, ЕҚЫҰ, осы ұйымдарға кіретін мемлекеттердің құқық қорғау ведомстволарының арасындағы үйлесімділікті едәуір жақсартуды талап етеді. Басқа халықаралық ұйымдар мен елдер Орталық Азияға жоғарыда аталған алаңдаушылыққа жүйелі көмек көрсетеді.

Экономикалық деңгейде мен Орталық Азия мемлекеттері мен Ауғанстан арасындағы өсіп келе жатқан екі жақты ынтымақтастықты (электр жеткізу, көлік, теміржол, гуманитарлық көмек) атап өткім келеді. Мен Орталық Азия мен Ауғанстан арасындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша байланысты коммерциялық мүмкіндіктермен, өңірлік интеграциямен, көлікпен, саудамен, энергетикамен (CASA 1000 және ТАПИ жобалары) теңестіру үшін астаналар арасындағы одан арғы ынтымақтастыққа шақырғым келеді.

Сөзімнің соңында мен ЕЫҚҰ Орталық Азия мен Ауғанстан арасындағы ынтымақтастықты жылжыту үшін жақсы орналасқанын және өңірде осы ұйымның тікелей болуы осы мақсаттарда негізгі болып табылатынын айта кеткім келеді. Бүгінгі конференцияда көрген батылдықпен біз өңірді тұрақтандыруда және қауіпсіздік жағдайын жақсартуда табысқа жететінімізге сенімдімін.

Назарларыңызға рақмет.